

## **Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 5 сәуірдегі № 456 Жарлығы.

### **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:
  - 1) осы Жарлыққа сәйкес лауазымдары және лауазымдарының санаттары өзгертілген мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы мөлшерінің сақталуын қамтамасыз етсін;
  - 2) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.
3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап бір ай өткен соң қолданысқа енгізіледі

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Н.Назарбаев*

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2017 жылғы 5 сәуірдегі  
№ 456 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

## **Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссия және облыстардың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың кадр комиссиялары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 7 наурыздағы № 520 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 19 , 319-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Облыстың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың кадр комиссиясы туралы үлгілік ережесінде:

3-тармақта "облыстардың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың тексеру комиссиялары мүшелеріне" деген сөздер алып тасталсын.

2. "Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 150 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 70-71, 520-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде:

"2. Мемлекеттік әкімшілік лауазымдар" деген бөлімде:

"А" корпусында:

1-санат пен 2-санат мынадай редакцияда жазылсын:

"1-санат

Орталық атқарушы органдардың жауапты хатшылары

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі, Президентінің Іс басқармасы, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі аппараттарының басшылары, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) басшысы

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің хатшысы – Аппарат басшысы

Жауапты хатшы лауазымы енгізілмеген орталық атқарушы органдар аппараттарының басшылары, Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың басшысы

2-санат

Орталық атқарушы органдар комитеттерінің төрағалары

3-санат

Облыстардың, астананың және республикалық маңызы бар қаланың әкімдері аппараттарының басшылары

4-санат

Облыстық маңызы бар қалалардың (облыстардың әкімшілік орталығы болып табылатын қалалардың әкімдерін қоспағанда), облыстар аудандарының және қалалардағы аудандардың әкімдері";

"Б" корпусында:

"А санаттарының тобы" деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі

А-1 санаты

Сектор меңгерушісі

А-2 санаты

Инспектор

А-3 санаты

Консультант

А-4 санаты

Сарапшы

А-5 санаты

Референт";

"В санаттарының тобы" деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының аппараттары, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты), Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің аппараты, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің аппараты, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының аппараты, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен оның ведомствосы

В-1 санаты

"Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты аппараты) басшысының орынбасарлары

Құрылымдық бөлімшенің басшысы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен оның ведомствосы департаменті директоры

В-2 санаты

Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі аппаратының құрылымдық бөлімше басшысы

Құрылымдық бөлімше басшысының орынбасары

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі департаменті директорының орынбасары

В-3 санаты

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің көмекшісі, кеңесшісі

Қазақстан Республикасының Парламенті Палатасы Төрағасының көмекшісі, кеңесшісі

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Төрағасының көмекшісі, кеңесшісі

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Төрағасының көмекшісі, кеңесшісі

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының көмекшісі, кеңесшісі

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің, Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының бас инспекторы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен оның ведомствосы басқармасының (қызметтің) басшысы

В-4 санаты

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі орынбасарының көмекшісі,  
кеңесшісі

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесі Басшысының көмекшісі,  
кеңесшісі

Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқарушысының, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағаларының көмекшісі, кеңесшісі

Қазақстан Республикасының Парламенті Палатасы Төрағасы орынбасарының көмекшісі

Қазақстан Республикасының Парламенті Палатасы аппараты басшысының көмекшісі

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты аппараты басшысының көмекшісі

Сектор меңгерушісі

Бас консультант

В-5 санаты

Бас сарапшы

Қазақстан Республикасының Парламенті депутатының көмекшісі

В-6 санаты

Сарапшы";

"С санаттарының тобы" деген бөлімде:

С-О-1 санаты мынадай редакцияда жазылсын:

"Басшы";

"D санаттарының тобы" деген бөлімде:

D-1 санаты мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Тексеру комиссиясының төрағасы";

D-2 санаты мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Тексеру комиссиясының мүшесі".

3. "Азаматтардың "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметіне кіруінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 151 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 70-71, 520-құжат):

1) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын арнайы біліктілік талаптарында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 150 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне сәйкес "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдары мынадай санаттарға бөлінеді:

1) орталық атқарушы органдардың жауапты хатшылары; Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі, Президентінің Іс басқармасы, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі аппараттарының басшылары, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) басшысы; жауапты хатшы лауазымы енгізілмеген орталық атқарушы органдар аппараттарының басшылары, Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың басшысы;

2) орталық атқарушы органдар комитеттерінің төрағалары;

3) облыстардың, астананың және республикалық маңызы бар қаланың әкімдері аппараттарының басшылары;

4) облыстық маңызы бар қалалардың (облыстардың әкімшілік орталығы болып табылатын қалалардың әкімдерін қоспағанда), облыстар аудандарының және қалалардағы аудандардың әкімдері.;"

4-10-тармақтар алып тасталсын;

11-тармақта "бірінші санаттағы" сөздері алып тасталсын;

12-тармақ алып тасталсын;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Бірінші санаттың лауазымдарына орналасу үшін:

1) кемінде жеті жыл жұмыс өтілі, оның ішінде Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімімен айқындалған мемлекеттік саяси лауазымдарда не "А" корпусының лауазымдарында (төртінші санатты қоспағанда), не А-1, В-1, С-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда, не орталық мемлекеттік органдар комитеттері төрағаларының орынбасарларынан, орталық мемлекеттік органдардың департамент басшыларынан төмен емес лауазымдарда, не орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының облыстардағы, астанадағы, республикалық маңызы бар қаладағы аумақтық органдары мен бөлімшелерінің басшыларынан төмен емес лауазымдарда кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі;

2) не кемінде алты жыл жұмыс өтілі, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлаудың және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда осы Арнайы біліктілік талаптарының 14-тармағының 1) тармақшасында санамаланған лауазымдарда кемінде екі жыл мемлекеттік қызмет өтілі;

3) не кемінде жеті жыл жұмыс өтілі, оның ішінде ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, ұлттық даму институттарының

атқарушы органдарының басшылары лауазымдарында кемінде бес жыл жұмыс өтілі талап етіледі."

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Екінші санаттың лауазымдарына орналасу үшін:

1) кемінде бес жыл жұмыс өтілі, оның ішінде Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімімен айқындалған мемлекеттік саяси лауазымдарда не "А" корпусының лауазымдарында, не А-2, В-2, С-2, С-0-1, D-2, D-0-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда, не орталық мемлекеттік органдар комитеттері төрағаларының орынбасарларынан, орталық мемлекеттік органдардың департамент басшыларынан төмен емес лауазымдарда, не орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының облыстардағы, астанадағы, республикалық маңызы бар қаладағы аумақтық органдары мен бөлімшелерінің басшыларынан төмен емес лауазымдарда кемінде екі жыл мемлекеттік қызмет өтілі;

2) не кемінде төрт жыл жұмыс өтілі, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлаудың және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда осы Арнайы біліктілік талаптарының 15-тармағының 1) тармақшасында санамаланған лауазымдарда кемінде бір жарым жыл мемлекеттік қызмет өтілі;

3) не кемінде бес жыл жұмыс өтілі, оның ішінде ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда, ұлттық даму институттарында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде департамент басшыларынан төмен емес лауазымдарда, не жылдық орташа штат саны кемінде елу адам болатын республикалық ұйымдардың немесе ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғалардың\*\* басшыларынан төмен емес лауазымдарда кемінде төрт жыл жұмыс өтілі талап етіледі;"

мынадай мазмұндағы 15-1 мен 15-2-тармақтармен толықтырылсын:

"15-1. Үшінші санаттың лауазымдарына орналасу үшін:

1) кемінде жеті жыл жұмыс өтілі, оның ішінде Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімімен айқындалған мемлекеттік саяси лауазымдарда не "А" корпусының лауазымдарында, не А-2, В-2, С-1, D-2, D-0-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда, не орталық мемлекеттік органдар комитеттері төрағаларының орынбасарларынан, орталық мемлекеттік органдардың департамент басшыларынан төмен емес лауазымдарда, не орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының облыстардағы, астанадағы, республикалық маңызы бар қаладағы аумақтық органдары мен бөлімшелерінің басшыларынан төмен емес лауазымдарда кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі;

2) не кемінде алты жыл жұмыс өтілі, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлаудың және қайта даярлаудың мемлекеттік

бағдарламалары бойынша немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда осы Арнайы біліктілік талаптарының 15-1-тармағының 1) тармақшасында санамаланған лауазымдарда кемінде екі жыл мемлекеттік қызмет өтілі;

3) не кемінде жеті жыл жұмыс өтілі, оның ішінде ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, ұлттық даму институттарының атқарушы органдарының басшылары лауазымдарында кемінде бес жыл жұмыс өтілі талап етіледі;

15-2. Төртінші санаттың лауазымдарына орналасу үшін:

1) кемінде бес жыл жұмыс өтілі, оның ішінде Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімімен айқындалған мемлекеттік саяси лауазымдарда не "А" корпусының лауазымдарында, не А-3, В-3, С-3, D-3, D-O-2, E-2 санаттарынан төмен емес лауазымдарда, не орталық мемлекеттік органдардың басқарма басшыларынан, бірінші басшыларының көмекшілерінен, кеңесшілерінен төмен емес лауазымдарда, не орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының облыстардағы, астанадағы, республикалық маңызы бар қаладағы аумақтық органдары мен бөлімшелерінің басқарма басшыларынан (немесе оларға теңестірілген лауазымдардан) төмен емес лауазымдарда, не орталық мемлекеттік органдардың аудандардағы, астана, республикалық маңызы бар қала аудандарындағы және облыстық маңызы бар қалалардағы бөлімшелерінің басшыларынан төмен емес лауазымдарда кемінде екі жыл мемлекеттік қызмет өтілі;

2) не кемінде төрт жыл жұмыс өтілі, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлаудың және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда осы Арнайы біліктілік талаптарының 15-2-тармағының 1) тармақшасында санамаланған лауазымдарда кемінде бір жыл мемлекеттік қызмет өтілі;

3) не кемінде бес жыл жұмыс өтілі, оның ішінде ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда, ұлттық даму институттарында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде департамент басшыларынан және оның филиалдары басшыларынан төмен емес лауазымдарда, не жұмыскерлерінің жылдық орташа саны кемінде елу адам болатын мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің (мемлекеттік органдардан басқа) немесе ірі немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғалардың басшылары орынбасарларынан төмен емес лауазымдарда кемінде төрт жыл жұмыс өтілі талап етіледі."

2) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің кадр резервіне іріктеу қағидаларында:

4-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) кандидаттарды заңнаманы білу және жеке қасиеттерін бағалау тестінен өткізу;"

мынадай мазмұндағы 4-1 мен 4-2-тармақтармен толықтырылсын:

"4-1. Ұлттық комиссияның шешімімен "А" корпусының кадр резервіне осы мемлекеттік органда, ведомствода немесе өңірде кемінде соңғы екі жылда келесі төмен тұрған мемлекеттік лауазымды атқаратын мемлекеттік қызметшіні алуға болады. Бұл шешім "А" корпусының бос лауазымы болған жағдайда қабылдануы мүмкін".

Осы Қағидаларда төмен тұрған мемлекеттік лауазым деп мыналар түсініледі:

"А" корпусының бірінші санатының лауазымдары үшін – осы мемлекеттік органның орталық аппаратының В-1 санатындағы лауазымдар, осы мемлекеттік органның орталық аппараты департаментінің директоры, сондай-ақ бірінші санат лауазымдарының орынбасары лауазымдары;

"А" корпусының екінші санатының лауазымдары үшін – нақты ведомство төрағасының орынбасары;

"А" корпусының үшінші санатының лауазымдары үшін – осы өңірдің үшінші санат лауазымдарының орынбасарлары лауазымдары, осы өңірдің D-O-1 санатының лауазымы;

"А" корпусының төртінші санатының лауазымдары үшін – осы өңірдің, облыстық маңызы бар қаланың төртінші санат лауазымдарының орынбасарлары лауазымдары, осы өңірдің D-O-1 санатының лауазымы.

Аталған адамдар кадр резервіне "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын арнайы біліктілік талаптарына сай болған жағдайда алынады.

Резервке алу туралы шешімді "А" корпусының лауазымына тағайындау мен лауазымнан босату құқығына ие адамның ұсынуы негізінде Ұлттық комиссия қабылдайды.

Жауапты хатшы мен Жоғары Сот Кеңесінің хатшысы – Аппарат басшысы лауазымдарына ұсынуды Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі енгізеді.

Ұлттық комиссияның қарауына осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген құжаттар қоса беріледі.

4-2. Осы Қағидалардың 4-1-тармағының негізінде кадр резервіне алынған адамдар тек қана олар кадр резервіне алынған лауазымдарға тағайындалады.";

12-тармақтың 4) тармақшасында "А" корпусы лауазымдарының бір санатына (тобына)" деген сөздер алып тасталсын;

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Әңгімелесу өткізуді ұйымдастыруды Ұлттық комиссияның жұмыс органы қамтамасыз етеді. Әңгімелесу өткізу кезінде кандидаттардың Ұлттық комиссия айқындаған тақырыпқа эссе жазуына болады."

3) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің кадр резервін қалыптастыру қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:



"3. Ұлттық комиссия шешімімен азаматтар "А" корпусының кадр резервіне іріктеуге қатысу туралы өтініштерінде өздері көрсеткен "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының санаты, санатындағы тобы бойынша "А" корпусының кадр резервіне алынады.

"А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің кадр резервіне іріктеу қағидаларының 4-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Ұлттық комиссия азаматтардың келісімі болған және арнайы біліктілік талаптарына сай келген жағдайда, оларды "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының басқа санаты, санатындағы тобы бойынша кадр резервіне алу үшін ұсыным жасауға хақылы.";

5-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл үшін осы тармақтың бірінші абзацында аталған адам босатылған немесе лауазымды өзгерту туралы акт қолданысқа енгізілген күнінен бастап бір ай мерзімде Ұлттық комиссияның жұмыс органына өтініш береді. Өтінішке қызметтік тізім және "А" корпусының нақты санатына резервке алу туралы бұл лауазымға тағайындау құқығына ие адам не ол соңғы атқарған лауазым бойынша бағынысты болған мемлекеттік органның бірінші басшысы не өзгертілген лауазымға тағайындау құқығына ие адам қол қойған ұсынымхат қоса беріледі.";

8-тармақтың 3) және 9) тармақшаларында "(топ)", "(тобынан)" деген сөздер алып тасталсын;

4) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларында:

3-тармақта ", санатындағы тобы" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына "А" корпусының резервшілерін тағайындау, олар "А" корпусының кадр резервіне алынған "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдар санаты шегінде арнайы біліктілік талаптарына сәйкес болған жағдайда және олардың келісімімен жүзеге асырылады.

"А" корпусының резервшілері "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының арнайы біліктілік талаптарына сай болған жағдайда және олардың келісімімен "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымының төменгі санатына тағайындалуы мүмкін.

"А" корпусының резервшілері Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссияның келісімімен, "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының арнайы біліктілік талаптарына сай болған жағдайда және олардың келісімімен "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымының жоғары санатына тағайындалуы мүмкін.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. "А" корпусы лауазымының міндеттерін үш айдан аспайтын кезеңге конкурстық іріктеуді өткізбей, "Б" корпусының мемлекеттік қызметшісіне уақытша жүктеуге жол

беріледі. Бұл ретте міндеттерді жүктеу туралы шешім бір реттен артық қабылданбайды.  
".

4. "Мемлекеттік қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 72-73-74, 534-құжат):

1) Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге ротация жүргізу қағидалары мен мерзімі, ротацияға жататын мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің лауазымдарында:

35-тармақта ", Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің сектор меңгерушілері лауазымдарына орналасуға үміткер "А" корпусының қызметшілерін" деген сөздер алып тасталсын;

38-тармақта "В-3," деген сөздер алып тасталсын;

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. "Б" корпусының қызметшілерін ротациялау әрбір үш жыл сайын жүргізіледі. "Б" корпусының қызметшісі ротациядан жазбаша бас тартқан жағдайда оның осы лауазымда болу мерзімі уәкілетті адамның жазбаша шешімі бойынша тағы үш жылға ұзартылуы мүмкін, бұл мерзім өткен соң "Б" корпусының қызметшісі міндетті түрде ротациялауға жатады. Бұл ретте көрсетілген мерзімдер лауазымдардың атаулары өзгергенде немесе өзгеріске ұшырағанда қайта басталмайды.";

2) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидаларында:

21-тармақта "Облыстардың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың тексеру комиссиялары мүшелерін, облыстық" деген сөздер "Облыстық" деп жазылып, 22 және 25-тармақтарда "облыстардың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың тексеру комиссиялары мүшелерінің," деген сөздер алып тасталсын;

**5. Күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен.**